

## ЖАҢАЛЫҚТАР

# Түркістан облысында жол апатынан бір отбасының бес баласы қаза тапты

30 маусым 2026 жыл, 06:13



Түркістан облысы Түлкібас ауданындағы Еңбекші ауылында қатты жылдамдықпен келе жатқанда күре жолдан шығып кетіп, ағашқа соғылған Volkswagen Polo жеңіл автокөлігі іс жүзінде екіге бөлініп қалғанын дүйсенбі күні жергілікті Otyrar медиасы [хабарлады](#).

Зардап шеккен баланы дәрігерлер ажалдан құтқарып қалды, бірақ оның жағдайы ауыр, деп жазды басылым. Ата-анасы баланың хал-жағдайы жайлы ақпаратты жария қылмауды өтінген.

Полицияның алдын ала болжамы бойынша, жүргізуші көлік тізгініне ие бола алмай қалған болуы мүмкін. Жол-көлік оқиғасына байланысты қылмыстық іс қозғалған. Тергеушілер жол апатының мән-жайын анықтап жатыр.

Қазақстанның бас прокуратурасының дерегі бойынша, 2026 жылдың алғашқы бес айында Түркістан облысында 461 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Жол апаты салдарынан 100 адам опат болып, 573 адам түрлі дәрежеде жарақат алған.

#### ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

- Астана маңында жол апатынан бес адам қаза тапты
- Ақмола облысында жол-көлік оқиғасынан екі адам опат болды
- Ақтөбе облысында үш көлік соқтығысты: үш адам қаза болды, жеті адам жарақаттанды
- Қостанай облысында жол апатынан төрт адам мерт болды
- Қарағанды облысында жол апатынан үш адам қаза болды

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ